

Әрине, бұл сауал кімді де болса ойландыратыны анық. Бір таңқаларлығы, ислам дінінің деструктивті діни топтарының өкілдері қазақ халқының ислам дінін ұстанатындығына бүгінге дейін

келгені туралы хабар алған түркілердің бір тобы араб түбегіне сапар шегіп, Мұхаммед (с.а.у) пайғамбарымызбен жүздесіп, өздерін «Озған» (Оғыз қаған) жұртынан екенін айтып, пайғамбары-

ислам дініндегі бұл ағымдар әрбір мәселеге ақыл-парасатпен қарауға шақыратын еді.

Исламның сопылық бағыты да ежелгі түркілердің алып-ерендік, озандық, жы-

● Имандылық иірімдері

зінде өмір сүргендіктен, Ахмет Ясауи өз шығармаларында адамгершілік пен имандылықты ту етіп көтерді. Ол өз хикметтерін ана тілінде – түркі тілінде жазды.

Ислам дінін зерттеген кейбір араб ғалымдары Ясауидің араб тілін, ислам ілімін тіпті арабтардан да жетік білгенін мойындайды. Алайда олар Ясауидің ислам ілімін дәріптеумен қатар түркі халықтарының ана тілін, ұлттық дәстүрлері мен салтын, әдет-ғұрыптарын сақтап қалуға үндегенін аса ұната қоймады.

Бір анығы, қазақ рулары мен тайпалары мұсылман дінін бір күнде, бір жылда қабылдамағаны, Хақ дініне біртіндеп мойынусынғаны белгілі.

Қазақтың ұлы тұлғаларының бәрі дерлік ислам ілімін кеңінен дәріптеді. Мәселен, ұлы Абай жиырма сегізінші қара сөзінде былай дейді: «...Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған Алла Тағаламыз емес. Міне, мәселе қайда жатыр. Ата-баларымыздың ислам дінін қабылдауының себебі де тәңірге табынып жүрген замандардың өзінде жүректеріне иман нұры ұялағаннан болса керек. Мен солай ойлаймын.

С.ОРЫНБАСАР.

Мұсылманның игі қасиеттері

● Имам мінбері

Алла Тағала «Мүминум» сүресінде иман келтірген игілердің мынадай игі қасиеттерін бізге айқындап береді: «Намазға аса ұқыпты, ықыласпен, именіп тұрады. Олар бос нәрселерден аулақ жүреді, олар зекет береді, ұятын сақтайды, олар аманатқа қиянат жасамайды, уәделеріне берік болады, міне осылар Фирдаус атты жәннатқа мұрагер болып, онда мәңгі тұратындар!».

Адамзаттың ішіндегі ең көркем мінездісі ол – сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.). Хазіреті Мұхаммед саллаллаһу ғалейһи уә сәлләм біздерге мұра етіп қалдырған сүннетінен, хадистерінен мейірім, кешірім жайлы айтқан өсиеттеріне зер салсақ:

«Алла Тағала өзгелерге кешірімшіл болған құлының абыройын өсіреді, сондай-ақ Алла үшін кішіпейіл болғанның дәрежесін көтереді».

«Мүміндердің ішінде иманы көміл дәрежеде болғандары – мінез-құлқы ең көркем болғандары».

«Кішілерге мейірімділік танытпаған, үлкендерге құрмет көрсетпеген – бізден емес».

«Ей, үмметім! Бір-бірлеріңе кішіпейіл болыңдар!».

Бірде хазірет Пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабалармен сұхбат жасап отырғанда, «Мына қасиеттер кімде болса, Алла Тағала сол адамды өзінің шексіз мейірімімен жәннатқа кіргізеді», – дегенде, сахабалар: «Ол қайсы амал?», – деп сұрайды. Алланың елшісі (с.а.у.) былай деп жауап береді: «Саған бермегенге сен сыйлық бер, саған келмесе, сен оған қарым-қатынас жасап, бара бер, егер зұлымдық не қиянат жасаған болса, кешір!».

«Әл-Ғимран» сүресінің 133-134-аяттарында мынадай бұйрық бар: «Рабыларыңның жарылқауы және кеңдігі жер мен көктей болған жәннатына асығындар, бұлар тақуаларға арналған таршылықта да, кеңшілікте де Алла жолына мал сарп ететін жомарттар, сондай-ақ мұсылман бауырына деген өкпе-реніш пен ашу-ызаларын жеңіп, Алла үшін кешіргендер».

Ғұлама ғалым Хасан әл Басри өзінің көптомдық жинақтарындағы бір насихатында: «Мұсылман әдептерінің ішіндегі ең абзалы – кешіре білу», – деген.

Алла Тағала айтады: «Жердегілерге мейірім мен кешірім танытпаған, көктегінің мейірімі мен кешірімінен үміт етпей-ақ қойсын». Әлбетте, кешіре білу – жүрегіне иман ұялаған, Алла Тағаланың кешірімінен үміт ететін құлдарына тән қасиет.

Дана бабаларымыздан бұл турасында мынадай ұлағатты сөз қалған: «Кешірім жасау – көндік, кешіре алмау – кемдік».

Адамзаттың ардақтысы хазреті Пайғамбарымыз (с.а.у.) хадисте былай өсиет айтқан: «Бір мұсылман екінші бір мұсылманды Алла үшін дос тұтса, жәннатта оған зор дәрежелер беріледі, қияметтегі үрей сәтінде олардың бойында ешқандай қорқыныш болмайды».

Құрметті мұсылман бауырлар! Ақыретімізге сауаптар жинау үшін құлшылық жасаудамыз. Алла Тағала қабыл етсін! Оқыған намазымыз, тұтқан орамамыз, зекет пен қажылық парыздарымыз біздің рухымызға күш беріп, бізді тәрбиелей түсуі қажет.

Көркем мінезді мұсылмандардан құралған игі қоғам қалыптастыру үшін сіздер мен біздер жақсылыққа шақырып, үйдегі бала-шағамызға, туыстарға, көрші-қолаңға туралықты үгіттеуіміз қажет.

Осы істерімізде Алла бізді қолдағай, елімізге, жерімізге, халқымызға және әр отбасына береке нәсіп етсін!

Нұржан қажы ИМАНӘЛІ,
Аққұмдағы «Тәубе» мешітінің имамы.

Қасқасу ауылдық округінің Қасқасу ауылының тұрғыны Керімхан Әбдірәсілұлы Жүнісов кезінде Абай

● Еңбек адамы – ел құрметтісі

Кәсібін нәсіп еткен қария

атындағы колхозда жұмыс істеді. Шаруашылықта отыз алты жыл бойы бел жазбай еңбек етті. Құрметті еңбек демалысына шыққанына бірер жылдың жүзі болды. Мен Керекеңнің құрықол бос отырған кезін көрген емеспін. Ол – нағыз еңбектің адамы.

Керімхан Әбдірәсілұлының он саусағынан өнер тамған шеберлігі бар десем, қателеспес едім. Балташылық өнері бар. Бүгіндері ағаш ұстасы болып ауылдастарына қызмет көрсетіп жүр. Ауыл тұрғындарынан тапсырыс түссе күбі, асханаға қажетті түрлі орындықтар, өзге де қажеттіліктерін жасап береді. Көпқабатты үйге баспалдақ жасаудың нағыз шебері. Ауыл шаруашылығы техникасынан да хабары бар. Ауылдастары көмек сұрап келсе, машинасы мен тракторының моторын шашып тастап, қайта жинап жөндеп береді.

Ол ағаштан түйін түймен қатар бал арасын да ұстайды. Керекең зайыбы Гүлжауһар екеуі бес бала тәрбиелеп өсіріп, ұядан ұшырып, қияға қондырды. Жеңгеміз Керімхан ағамыздың шеберханасын мұнтаздай етіп



тазалап қоюды дағдыға айналдырған. Бие байлап, сиыр сауып, құрт пен май жасап дегендей, үй шаруасынан ешқашан қол үзген емес. Еңбеккер қариялар немерелерінің қызығын көріп, бақытқа бөленіп отырған бақытты жандар.

С.ҚОНЫСБАЕВ.

Қасқасу ауылдық округі.

Ауылға автобус қатынауда

Бұрында Қазығұрт ауылдық округіне қарасты болып, кейіннен Шымкент қаласының құрамына енген Текесу ауылына мегаполистегі Ордабасы алаңынан екіара-лыққа №7 қалаішілік автобус қатынайтын.

Кемеқалған ауылдық округінің Абай, Ұйымшыл, Өңгірата ауылының тұрғындары осы автобус мар-

шрутын Абай ауылының орталығына дейін ұзарту жөнінде тиісті орындарға өтініш айтып, құлаққағыс етіп келді. Кемеқалғандықтардың бұл өтініші орындалып, біршама уақыттан бері №7 автобус Абай ауылындағы мешіт үйіне дейін араға 30 минут салып тұрақты қатынай бастады.

Бүгіндері күнделікті түрлі

шаруаларымен Шымкент қаласына, базарға баратын ауыл тұрғындарына өте қолайлы болды. Әсіресе Шымкентте жұмыс істейтін ауылдастарымыздың, студент-жастардың қуанышында шек жоқ.

Б.БАЙДЫБЕКОВ,
зейнеткер.

Кемеқалған ауылдық округі.

29 мамыр күні Төлеби аудандық мәдениет үйінде «Төлеби аруы – 2025» атты аудандық арулар байқауы өтті. Сайысқа аудандағы ауылдық округтерден іріктелген 11 бойжеткен қатысты.

үлгісіндегі киіммен сахнаға шығып, жүріс-тұрыс мәнері мен киімге талғамын танытты.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы — Жезмарал Әбілқасқызы,

«Төлеби аруы – 2025»



Байқау бес кезеңнен тұрды:

1-кезең: «Мен – қазақтың қызымын».

Қатысушылар ұлттық стильде өздерін таныстырып, қазақ қызына тән нәзіктік пен тәрбиені көрсетті.

2-кезең: «Көркіне ақылы сай».

Бұл бөлімде арулар сұрақтарға жауап беріп, мақал-мәтелдер сайысында білім деңгейін, ой ұшқырлығын танытты.

3-кезең: «Дәм думан».

Қатысушылар өз қолымен дайындаған ұлттық тағамдарын алдын-ала түсірілген бейнеролик арқылы таныстырды.

4-кезең: «Қыз еркем – мінезімен көркем».

Өнер көрсету кезеңінде қатысушылар өз шығармашылық қабілеттерін ортаға салды.

5-кезең: «Кешкілік сән-салтанат».

Қорытынды кезеңде арулар кешкі сән

Гүлжазира Айтқұлқызы және Тимур Қасымұлының шешімімен жүлделі орындар төмендегідей анықталды:

• Бас жүлде – Саматқызы Әлия (Бейнеткеш ауылдық клубы).

• I орын – Сүйер Сымбат (Көксәйек ауылдық мәдениет үйі).

• II орын – Ахметова Дильназ (Диханкөл ауылдық клубы).

• III орын – Ермахан Нұрия (Сарқырама ауылдық мәдениет үйі).

• III орын – Мейірман Ақсәуле (Момынай ауылдық клубы).

Сонымен қатар 6 ару арнайы номинациялар бойынша марапаттады. Байқау аясында ұлттық мәдениетті насихаттау, қыз бала тәрбиесінің маңызын көрсету және жастардың өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсат етілді.

Батырхан АХАЙ.

Қостөбедең – «Топжарғанға»!

• Сүйінші!



Газет оқырмандарымен сүйінші хабармен бөліскім келді. Аядай ғана Қостөбе ауылынан, Қостөбе шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінен Астана қаласында өткен республикамыздың ең өнерлі балалары бас қосқан «TOPJARGAN» байқауына барып, көркем сөз жанры бойынша Гран-при иеленіп қайттық!

Бұл жеңіс тек менің жетекшілігімдегі Әмірбек Еркежан Бердібекқызының ғана емес, ауыл мектебінің, ауыл баласының, ауыл ұстазының жеңісі деп білемін!

Бұл жетістікке жетуімізге үлкен демеу болып, шабыт сыйлаған – ақын Абдулмахмуд Қанатұлы Пошатаев ағам. Оқушыма арнайы жазған, бір түнде туған керемет өлеңі – жас өркеннің жанымен үйлесіп, жүрекке жетті. Өнердің өзі жүректен шығып, жүрекке жеткенде ғана әсерлі болады ғой – соны дәлелдедік!

Төлеби аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен аудандық көркемөнерпаздар байқауына дайындық жүріп жатқан күндері өлең жатталып, дауыс мәнері, сахналық қойылым, ішкі сезім үйлесімділігі толық дайындалды. Әмірбек Еркежан ау-

дандық байқаудан іріктеуден өтіп, қорытынды гала-концертте де жоғары деңгейде өнер көрсетіп, республикалық кезеңнен бір-ақ шықты. Бұл – нағыз еңбектің, табандылықтың, сенім мен жігердің жемісі!

Еркежан сахнада тұрып өнер көрсеткенде, оның әрбір сөзін тыңдаған сайын ата-анасы Бердібек Еркебаев пен Әлия Сұлтанованың, ұстаздарының жүректері дүрсілдеп, бойымызды ерекше мақтаныш, толқыныс сезімі биледі. Әр сөзінде туған Төлеби ауданымыздың үні, ұстаз үміті, ата-ананың арманы бардай сезілді.

Осы тұста айтқым келетіні, білім мен өнер – қалада ғана емес, ауылда да бар! Тек сенім мен мүмкіндік болса, ауыл баласы да биікке самғай алады!

Жеңімпаз шәкіртімнің ата-анасына, мектебіміздің ұжымына, ұйымдастырушыларға, қолдаушыларға алғысым шексіз!

Ұстаз үшін ең үлкен бақыт – шәкірттің биіктен көрінуі. Сол бақытты сездірген шәкіртім Еркежанға «Алар асуларын, жетер биіктерің көп болсын!» деймін.

Н.БЕКОВА,

Қостөбе шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің мұғалімі.

• Бәрекелді!

Облыс әкімі кубогын иеленді

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай облыстық қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық турнирде аудандық оқушылар үйінің мұғалімі Назарбек Кебекбаевтың жетекшілігіндегі «Әуе және кеме модельдеу» үйірмесінің оқушысы топ жарды.


Халықаралық сайыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, 10-сынып оқушысы Хасан Ескендір облыс әкімінің кубогына лайық деп танылып, Алғыс хат пен 100 мың теңгелік сертификатқа ие болды.

Жас өнерпаздар мен дарынды оқушылардың басын қосқан бұл шара балалардың шығармашылығын, білімін және ұйымшылдығын дамытуға бағытталды.

Бұл жетістік – қажырлы еңбек пен ұжымдық ынтымақтастықтың нәтижесі, аудан мәртебесі.

«Төлеби-ақпарат».

Чемпиондар не дейді?



Суретте: Мәди НӘБИЕВ.

Чемпион болу – тек жеңіс емес, ол адамның ерік-жігері мен мінезінің шыңы. Бұл жылдар бойғы тынымсыз еңбек пен өзіндік өзің жеңудің нәтижесі. Чемпион болу ең алдымен мақсат қоюдан басталады. Жай ғана армандау жеткіліксіз. Нақты бағыт, сенім және табандылық қажет. Бұл жолда күнделікті жаттығу дағдыға айналған әдет болуы тиіс. Себебі әрбір қадам – үлкен жеңіске апаратын баспалдақ.

Тәртіп пен өзін-өзі бақылау – нағыз спортшының серігі. Дұрыс тамақтану, уақытылы демалу, зиянды әдеттерден бас тарту – бұл жай шектеу емес, мақсатқа жетудің шарты. Ал жеңіліс – тоқтау емес, өсу мүмкіндігі. Чемпион әр құлаған сайын күш-жігерін жинап қайта тұрады. Бапкердің бағыт-бағдары, отбасының қолдауы да спортшыға дем береді. Жеңіс – жеке күштің ғана емес, ұжымдық сенімнің жемісі.

Мәди НӘБИЕВ, дзюдо мен самбо күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Дзюдо мен самбо күресінен Шеберлер арасындағы әлем чемпионы:

«Мен үшін әлем чемпионы болу – ақталған еңбек, төзімділік, мақсатқа ұмтылудың нәтижесі.

Халықтың үкілеген үмітін ақтау жолында сүрініп, қайта тұрар сәттер болады. Сол сәтте ес жинап, бой түзеуіме септігін тигізген Бауыржан Момышұлының мінезі мен ұстанымы. Бұл нағыз жігіт бойынан табылуы қажет.

Жеңіс тұғырына шығып, көк туымыз көкке көтеріліп, алтын жүлдені қанжығаға байлап, Өнұранымызды зор төбіреніспен шырқаған сәтті ешбір сезіммен айырбастамас едім. Менің жеңісім – елдің жеңісі».

Әбіш ПЕРДАЛЫ, дзюдодан Қазақстан чемпионы:

«Спортта жоғары нәтижеге жету үшін алға өрлеу қажет. Айтуға оңай болуы мүмкін. Бірақ адам оны спортпен айналысқанда ғана түсінеді. Мен жаттығу залына уақытылы баруды дағдыға айналдырдым. Дегенмен түрлі жарақаттар кедергі болды. Менің жетістікке жететініме сенім білдірген бірден-бір жан – ол менің әкем. Жеңіске жету бала кезден арманым болғандықтан, түрлі сыннан сүрінбей өтуге көмектесті. Міне еңбегім еш кетпей, дзюдодан Қазақстан чемпионы болдым».

Сұхбаттасқан Батырхан АХАЙ, ҚазҰУ журналистика факультетінің II курс студенті.



Суретте: Әбіш ПЕРДАЛЫ.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 "Б" үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –
БАС РЕДАКТОР
РАХМАНҚҰЛОВ
Әбдімәлік
Түймебекұлы
8-701-408-72-32**

Бас редактордың орынбасары
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)
8-706-413-11-56.
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА
(әлеумет, бұқарамен байланыс)
6-23-23, 8-702-494-81-71
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА
8-705-887-51-61.
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Баспахананың мекенжайы:
Шымкент қаласы,
Тәшенов көшесі, №24 үй.
Газетке жазылу индексі 66744
Таралымы 2974 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.